




**Тіл және
ойлау. Тіл
және сана**



Пікірлер:




Неміс ғалымы Ф.Э.Бенеке
көзқарасы:




Неміс ғалымы В.Гумбольдт,
француз ғалымы Л.Леви-Брюль
көзқарасы:




Неміс ғалымдары Ф.Э.Д.
Шлейермахер, И.Г.Гаман
көзқарасы:




Неміс ғалымы Ф.Э.Бенеке көзқарасы: Тіл мен ойлау арасында ешқандай бірлік, ұқсастық жоқ, екеуі екі бөлек дүние.



Неміс ғалымдары Ф.Э.Д.Шлейермахер, И.Г.Гаман көзқарасы: Тілдің рөлін асыра бағалап, тіл мен ойлау өте жақын. Бұл бихевиористік бағыт деп аталады.



Неміс ғалымдары Ф.Э.Д.Шлейермахер, И.Г.Гаман көзқарасы: Тіл мен ойлау тепе-теңдік бірлікте, ешқандай өзгешеліктері жоқ. Бұл – *менталистік* бағыт деп аталады дейді.



Тіл мен ой-сана өзара тығыз байланысты, бірінсіз бірі өмір сүре алмайды. Бірақ, бұлардағы бірлік абсолюттік, тепе-теңдік бірлік емес, әрқайсысының өзіндік дербестіктері, қайшылықтары бар. Тіл мен ой-сананың арақатысы жөніндегі бірден-бір дұрыс шешім де осы соңғы бағыт.

Тіл мен ой-сана арасындағы өзгешеліктер:

Қызметі

Құрылымы

Ойдың мақсаты:

Нысанды танып-білу,
жаңа мәлімет, тың білі
игеру.

Тілдің мақсаты:

Ойды қалыптастыру,
жарыққа шығару, оны
сақтау, кейінгі ұрпаққа
жеткізу.

Ойлау ойдың логикалық құрылысына
ұғым мен байымдауға негіз.
Ойлаудың логикалық заңы, формасы –
жалпыадамзаттық.

Тілге негіз болатын оның
грамматикалық құрылысы, сөз
өзгерту, сөз туғызу, сөйлем құрау.
Жалпыадамзаттық емес, жеке
халықтық, ұлттық болады.

Менталингвистика

Мента – ақыл, ой, ойлау деген мағынаны білдіреді. Менталингвистика – экстралингвистиканың бір саласы, екеуі де тілдің сыртқы дүниемен байланысын зерттейді.

А.Байтұрсынұлы: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі:

- 1) Ақылға
- 2) Қиялға
- 3) Көңілге.

Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау.

Қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау;

Көңіл ісі – түйю, талғау.